

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына

Кімнен: «Қазақия» Қоғамдық қоры, директоры
Мыңбай Ғибадат Жәйлібекұлы

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	230640025678			
2. Ұйымның тіркелген күні	19.06.2023			
3. Ұйымның толық атауы	"Қазақия" Қоғамдық Қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	060012, Атырауская область, город Атырау, сельский округ Кайыршақты, село Ақжар, ул. Құрманғазы, д. 43			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Мыңбай	Аты Ғибадат	Әкесінің аты (болған жағдайда) Жәйлібекұлы	Лауазымы директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	Қор қызметі осы Жарғыға сәйкес жүзеге асады және келесі мақсаттарды шешуге бағытталған: – өзіндік дүниетанымы мен өзіндік салт-дәстүрі бар ерекше ұлттық қазақы ортаны қалыптастыру, қолдау, сақтау және дамыту; – қайсар рухты қазақ жастар ортасын қалыптастыру; – қазақ халқының болашағы үшін қоғамды әлеуметтік-мәдени, білім беру, сауықтыру, спорт, ойын-сауық сипаттағы қызметтердің алуан түрімен қамтамасыз ету; Көзделген мақсаттарға жету үшін Қор келесі қызметтерді атқарады (қызметтің мәні): – Қазақы тәрбиені жаңғырту, оны ұрпақ бойына сіңіру; – Қазақ жастарының ұлттық рухын оятуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру; – Қазақ ұлттық дәстүрлі форматта ата-аналармен бас қосулар, жиындар өткізу ар-қылы ұлтжандылыққа насихаттау; – Жас буын жеткіншектерімізді асарлату дағдысына бағыттауға арналған шаралар өткізу; – Ұлттық спорттық шаралар ұйымдас-тыру; – Бойдақтар әлемінің қоғамға қажеттілігін көрсетуге арналған шаралар ұйымдас-тыру; – Экология саласындағы жобаларды жүзеге асыру, түрлі қалдықтарды өңдеу; – Салауатты өмір салтын насихаттау; – Отбасы институтын қолдау және нығайту бойынша іс-шаралар, әртүрлі отбасылық жарыстар өткізу; – Ұлттық өнер мен халық шығармашылығын, мәдениет пен өнер саласындағы таланттар мен дарынды тұлғаларды қолдау және дамыту бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу; – Отандық демалыс пен ойын-сауық индустриясын дамыту мақсатында инвестицияларды тартуға жәрдемдесу; – Мәдениет, өнер және демалыс саласында еңбек нарығын дамытуға жәрдемдесу, осы сала үшін кадрлар даярлау; – Акцияларды, байқауларды, көрмелерді, мәдениет күндерін, өнер фестивальдерін, қалалық мерекелерді, флешмобтарды, демалыс кештерін, балдарды және т.б. ұйымдастыру және өткізу; – Мерекелік корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру; – Экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру және көрсету; – ҚР басқа да қоғамдық ұйымдарымен, сондай-ақ шетелдік және басқа да халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасуды жүзеге асыру			

	– Оқыту, іс-шараларын өткізу – тренинг, семинар, шеберлік сабақтары, т.б.; – Ата-аналарға біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша семинарларды ұйымдастыру; – Балалар тәртібіне қатысты буллингтен және оның түрлерінен қорғану, балалар арасындағы зорлық зомбылықтың алдын алуға арналған шараларды ұйымдастыру; – Жастардың сауатты құқығын, сондай-ақ қаржылай сауаттылықтарын арттыруға арналған шараларды өткізу; – Тарихи және табиғи ескерткіштер мен мұраларға саяхат ұйымдастыру.							
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	– Орта және жоғары сыныптарының мектеп оқушылары (5-11 сыныптар); – 18-35 жас аралығындағы жастар; – Әртүрлі салада жұмыс жасайтын еріктілер; – Мектеп оқушыларының ата-аналары							
8. Ұйымның байланыс телефоны	+7 702 350 99 76							
9. Электрондық пошта мекенжайы	kazakiya.atyrau@gmail.com							
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	жоқ							
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	@kk.qazaqia							
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері	
					Басталуы	Аяқталуы		
	1.	Атырау облыстық ата-аналар арасында “Буллингке қарсымыз” атты семинары	500 000	“Атырау қаласының жастар ресурстық орталығы” КММ	12.12.2023	13.12.2023	– Достық үйінде 1 семинар өтті, 70 ата-ана мен оқытушылар қатысты; – Х.Досмұхамедов атындағы АМУ 1 тренинг өтті, 200-ге жуық студент қатысты; – «Жайық шұғыласы» баспасөз газетіне мақала жарияланды; – «Каспиан ньюс» теледидарына сюжет шықты; – 1 деректі фильм түсірілді.	
	2	Сарбаздар клубын ашу	400 000	«Қоғамдық келісім» КММ, ИП «Мыңбай Ғ.»	12.06.2024	24.06.2024	– «Сармат» мектеп-интернатында 1 «Сарбаз Аналары» клубы жабдық-талып, ашылды; – 18 этномәдени бірлестіктері-нің аналары қатысты (40 адам); – «Каспиан ньюс» теледидарына сюжет шықты; – Ассамблеяның Facebook парақшасына пост шығарылды;	
2. Әлеуметтік жобаның командасы								
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	1. Әбіш Жанар Төрениязқызы – жоба жетекшісі 2. Тулегенова Нелли Ибраевна – жоба үйлестірушісі 3. Асылбек Ажар – smm-менеджер 4. Ешешева Эльвира – есепші							
2. Жұмыс тәжірибесі	Әбіш Жанар Төрениязқызы	«Қазақия» Қоғамдық қоры			Жоба жетекшісі		2023	2024
		ҚХА «Алтын Шаңырақ» Аналар Кеңесі			Төрайымы		2024	2024
		Абай атындағы оқушылар орталығы			Брейн тренер		2023	2024

		Облыстық жасөспірімдер орталығы	Психолог	2023	2023
		Қазақ аналары-дәстүрге жол РҚБ Атырау облыстық филиалы	Төрайымы	2022	2024
		"Тиімді оқу "орталығы	Бала тәрбиесіндегі маманы	2017	2018
		№21 Атырау қалалық орта мектебі	Бастауыш сынып мұғалімі	2018	2020
		ИП «Әбіш Ж.»	Жеке кәсіпкер	2007	2018
		№9 Сағыз орта мектебі	Бастауыш сынып мұғалімі	2002	2007
	Түлегенова Нелли Ибраевна	«Educate N Guide» ЖК	Директор, тренер, бизнес-консультант	2022	2024
		Республикалық «Дара» Қайырымдылық Қоры / Облыстық «Сана» ҚҚ-ның «Тәлімгер» жобасы	Ерікті	2021	2024
		«Шәкірт» ҚҚ	Құрылтайшы / ерікті	2018	2023
		«Turan Project Group» ЖШС	Бизнесті дамыту жөніндегі менеджер	2019	2022
		«Тенгизская транспортная компания» ЖШС	Кадр бөлімінің менеджері	2017	2019
		Западно-Казахстанский Центр медиации и переговорного процесса в Атырауской области	Өкілеттіктің басшысы	2016	2017
		«Батыс Казахстан Куат Сервис» ЖШС	Сапаны бақылау маманы	2015	2016
		«Денхолм-Жолдас» ЖШС	Біріккен басқару жүйесі бөлімінің маманы	2013	2015
		«Денхолм-Жолдас» ЖШС	Кадр бөлімінің маманы	2006	2012
		Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова	Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы	1999	2006
	Ешешева Эльвира	ТОО «Alt-IT»	Бас есепші	2020	2024
		ТОО "ОралЗемТрубСервис"	Есепші	2018	2019
		ТОО «Крепеж Строй Монтаж»	Есепші	2017	2018
		ТОО «Азия град строй»	Есепші-кассир	2015	2016
		ТОО «Центр Крепежных Технологий»	кассир-оператор, товаровед, директор	2008	2015
		АО СК Атланта	Полис-кассир	2007	2008
	Асылбек Ажар	«Educate N Guide» ЖК	smm-менеджер	2023	2024
		«Шәкірт» ҚҚ	smm-менеджер	2021	2022
3. Қосымша мәліметтер	Әбіш Жанар Төрениязқызы	2009 жыл Центр развитие человека “МИЛЛАРДЕР” белсенді қатысушысы.			
		Международный Тренинго-Консалтинговый Центр “Success Integration”, ”Ты Лидер” төсбелгісінің иегері			
		2022 жыл “100 Ел жанашыры” энциклопедия кейіпкері			
		2022 жыл Бауыржан Момышұлы атындағы "Батыр шапағаты" медалінің иегері			
		2022 жыл қорытындысы бойынша Алтын Адам-2022			
		Облыстық Әйелдер ісі және демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі.			
		Tomiris ақпараттық білім беру бағдарламасының қатысушы мүшесі.			
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: @zhanar_tureniazkyzy, @nelli.tulegen					
3. Жоба туралы					
1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік		Мемлекеттік грант саласы: Мәдениет пен өнерді дамыту			

гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)	Мемлекеттік гранттың басым бағыты: Жергілікті суретшілердің майлы бояу мен қолөнерден шеберлік сағаттары
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	«Қолөнер – зор өнер» балалардың шығармашылық қабілетін арттыруға арналған жоба
3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)	Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: «Қолөнер – зор өнер» жобасы балалардың шығармашылық қабілетін арттыруға және олардың қолөнерге деген қызығушылығын оятуға бағытталған. Жобаның негізгі мақсаты – балаларды қолөнердің түрлі түрлерімен таныстырып, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу және өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін арттыру. Мәселенің сипаттамасы: - Балалардың гаджеттерге әуес болуының салдарынан Қазақстанда балалардың шамамен 70%-ы гаджеттерді күн сайын пайдаланады, 10-15 жас аралығындағы балалардың 35%-ы күніне 4 сағаттан артық уақытты экран алдында өткізеді. Бұл келесі проблемаларға әкеледі: - Физикалық денсаулыққа әсері: балалардың 30%-ында көздің шаршауы мен көру қабілетінің төмендеуі байқалады, 20%-ы омыртқа мен мойынның ауруларына шағымданады, қозғалыс белсенділігінің азаюы салдарынан балалардың 15%-ы семіздікке шалдыққан. - Психологиялық әсері: балалардың 25%-ы ұйқысыздыққа шағымданады, мектеп оқушыларының 20%-ы назар аудару мәселелері, стресс пен алаңдаушылықпен кездеседі. - Әлеуметтік әсері: тікелей қарым-қатынастың азаюы, жеке дағдылардың дамуына кері әсері. - Шығармашылық мүмкіндіктердің шектеулігі: - Көптеген мектептер мен балалар үйлерінде шығармашылыққа арналған ресурстар мен материалдар жетіспейді. Бұл балалардың өнер мен қолөнерге қызығушылығын төмендетеді. - Мұғалімдер мен ата-аналар шығармашылық қабілеттерді дамытуға жеткілікті уақыт пен көңіл бөлмеуі мүмкін, бұл балалардың өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін шектейді. - Сурет салу мен қолөнердің ұмыт қалуы: - Қазіргі заманда қолөнерге деген қызығушылық төмендеп, балалардың қолөнермен айналысуға мүмкіндіктері азайып барады. - Ұлттық қолөнердің дәстүрлері ұмытылып, жаңа буын оны білмей өсуде. - Балалардың арасында мәдени іс-шаралардың өткізілу деңгейін зерттеу барысында, көптеген өңірлерде осындай іс-шаралардың сирек өтетіндігі анықталды. Мысалы, 2022 жылы жүргізілген зерттеулер бойынша, халықтың тек 15%-ы ғана мәдени іс-шараларға тұрақты түрде қатысады. - Жергілікті суретшілер мен қолөнершілердің туындыларының халыққа танымалдылығы төмен. Жергілікті өнерпаздардың жұмыстарының сатылу деңгейі де төмен: суретшілердің тек 20%-ы ғана өз туындыларын тұрақты түрде сата алады. Әлеуметтік маңыздылығын негіздеу: - Балалардың шығармашылықтың дамуына ықпал ету: «Қолөнер – зор өнер» жобасы балаларға өз қолымен салған суреттер мен жасаған бұйымдарды бағалау, өнер мен қолөнердің түрлі түрлерімен танысу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. - Бұл балалардың өзін-өзі көрсетуіне, өз идеяларын іске асыруға және өнерге деген сүйіспеншілікті арттыруға ықпал етеді. - Ұлттық мұраны сақтау: - Жобаның аясында балалар сурет өнері мен ұлттық қолөнердің дәстүрлерімен танысып, оларды сақтау және дамытуға атсалысады.

	– Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді насихаттау арқылы жоба мәдени мұраны сақтауға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға көмектеседі. 3. Әлеуметтік интеграция: – Жоба әртүрлі әлеуметтік топтағы балаларды біріктіруге және олардың арасында достық қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған. – Сурет салу және қолөнер шеберлік сыныптары балалардың ынтымақтастығын, бір-біріне көмектесуін және өзара түсіністікті арттырады. – Жобаға қатысушы оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және республикалық конкурстарға жіберу арқылы балалардың шеберлік деңгейін биікке шындай отырып, кең көлемде қолөнер бағытындағы нетворкинг (қарым-қатынасты) нығайту.
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Мақсаттары: – Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу мен қолөнерге деген қызығушылығын арттыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту; – Сурет өнері мен ұлттық қолөнер дәстүрлерін сақтау және насихаттау, балаларды ұлттық қолөнердің түрлерімен таныстырып, оларды сақтау және дамыту. – Әлеуметтік байланыстарды нығайту, балалар арасындағы ынтымақтастық пен достық қарым-қатынастарды дамыту, әлеуметтік интеграцияны арттыру.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	Міндеттері: – Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; – Балаларға жаңа дағдыларды үйрету; – Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрсету үшін көрмелер мен байқаулар; – Сурет салу өнерінің шеберлерін шақырып, балаларға шеберлік сағаттарын өткізу, тәжірибе алмасу; – Ұлттық қолөнер шеберлерін шақырып, балаларға шеберлік сағаттарын өткізу, тәжірибе алмасу; – Жоба туралы ақпаратты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және басқа да ақпарат құралдарында жариялау арқылы қоғамды хабардар ету; – Жобаға қатысатын балаларға қажетті материалдармен, құралдармен қамтамасыз ету және қолдау көрсету.
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).	Шеберлік сыныпқа қатысатын балалар саны мектептерден анықталады. Мектептермен байланыс Атырау қалалық білім беру бөлімі арқылы жүргізіледі. Сонымен бірге, Қордың және Қор белсенділерінің әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында афишалар жарияланады. Жоба барысында ай сайын 2 рет сенбілік күндерде 18 шеберлік сыныптардан және 1 көрмеден тұратын шаралар өткізіледі, олар қыркүйек-қараша айларында ұйымдастырылады. Әр шараға 50-100-ге жуық оқушылар қатыса алады. Әр шара барысында келесі шеберлік сыныптар өтеді: 1. Майлы бояумен сурет салу – бұл шеберлік сыныпты 2 суретші жүргізеді, оларға 20 бала қатыса алады. Олар мольбертке орнатылған холстқа майлы бояумен «Алтын күз», «Қазақстан – менің алтын бесігім», «Ұлттық қолөнер бұйымдары» атты тақырыптарға сурет салады; 2. Киімге сурет салу – балалар футболка мен шопперлерге арнайы бояумен сурет салынады, жалпы бір сыныпқа 10-15 бала қатысады, бір суретші жүргізеді; 3. Жүннен бұйым жасау – дайындалған, таза және түрлі түске боялған меринос қойдың жүнінен тақиялар, гүлдер, және көрпешелер жасалады, бұл сыныпты « шебер жүргізіп, 10-15 бала қатысады; 4. Әшекей бұйымдарын жасау – 2 зергер шеберінің жетекшілігімен 15-20 бала қатысады, олар өміржиек, шашбау, белбеу, шекелік, сырға, білезік сияқты әшекейлерді өз қолдарымен жасайтын болады; 5. Ою-өрнек ойып үйрету – «фетр» материалынан және жүннен жасалады, 1 шебер жүргізеді, және осы оюлардың мағынасы түсіндіріледі;

	Шеберлік сыныптарды өткізу үшін тәжірибелі және Атырауда танымал суретшілер мен шеберлер шақырылады (Камила Жапалова, Эльшат Бекболатқызы, Құралай Жамбылқызы, Толғанай Шыңғысбайқызы, Жұмагүл Насреддин, Зоя Қуанышқалиева, Қарлығаш Қабделова, т.б). Әрбір шеберлік сынып 3 сағат бойы өтеді, және қатысқан балалар шеберлердің қолдауымен түрлі бұйымдарды жасау әдістерімен танысады, оларды жасау дағдыларын толық меңгереді, және нәтижесінде аяқталған бұйымға қол жеткізеді. Шеберлік сыныптарда қолданылатын барлық қажетті шикізат, құралдар қамтамасыз етіледі, және сусындар мен тіске басарлар ұйымдастырылады. Ең жақсы жұмыстарды анықтау үшін, сондай-ақ облыстық көрмеге шығарылатын 30 жұмысты іріктеу үшін Тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы мүшелерінен және шеберлер санынан комиссия құрылады. Таңдалған 30 жұмыстың ішінен республикалық байқауларға жіберілетін 5 жұмыс анықталады. 30 қараша күні Облыстық Ш.Сариев атындағы өнер музейінде қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады. Көрме туралы ақпарат Атырау қалалық білім беру бөлімі, Атырау облыстық білім беру басқармасы, Қазақстан халқы Ассамблеясына жіберіліп, олар көрмеге қатысуға шақырылады. Қараша айында 5 жұмыс «Шексіз шығармашылық», «Қазақстан – менің алтын бесігім» секілді Республикалық байқауларға жіберіледі. Шеберлік сыныптарды өткізумен қатар, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ Атырау қаласындағы филиалының аналары жобаның салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, балаларға бата береді және ұлттық қолөнердің мәні-мағынасын ашып түсіндіреді. Сонымен қатар, барлық шеберлік сыныпқа қатысқан балалар алғыс хаттармен мадақталады. Әрбір шеберлік сынып фото мен видеоға түсіріледі, және облыстық телеарна операторлары шақырылады.
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Атырау қаласы, қалалық мектептер
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	01.09.2024
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	30.11.2024
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	Атырау қалалық мектептерінің 4-9 сынып оқушылары
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	
Сандық нәтижелері	Сандық нәтижелер: – 18 шеберлік сынып өткізу; – 1 көрме өткізу; – Кемінде 100 оқушының қатысуы; – Кемінде 100 шығармашылық жұмыстарды жасау; – Шеберлік сыныптарынан өткен қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастырып, 30 жұмысты көрмеге шығару; – Қатысушылардың 5 шығармашылық жұмыстарының республикалық конкурстарға жіберу; – Кемінде 2 пост, 4 рилс, 20 сторис жариялау; – Кемінде әлеуметтік желілерде 5 000 мың қаралым.

Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	Сапалық нәтижелер: – Балалардың жаңа сурет салу және қолөнер дағдыларын меңгеруі. – Балалардың өз жұмыстарында жаңа идеялар мен әдістерді қолдануы. – Балалардың сурет салу мен ұлттық қолөнер түрлері мен тарихы туралы білімдерінің артуы. – Балалардың өз жұмыстарында ұлттық элементтерді қолдануы. – Балалардың бір-бірімен және қолөнер шеберлерімен тығыз қарым-қатынас орнатуы. – Балалардың өзара ынтымақтастық пен командада жұмыс істеу қабілеттерінің дамуы. – Балалардың өз жұмыстарын көрсетіп, оң пікірлер алу арқылы өзін-өзі бағалауының артуы. – Балалардың өз жетістіктеріне деген мақтаныш сезімінің қалыптасуы. Өлшеу тәсілдері: – Балалар, ата-аналар және мұғалімдер арасында сауалнамалар мен анкета өткізу; – Қатысушылардың жобадан алған әсерлері мен тәжірибелерін анықтау үшін ашық сұрақтар қолдану; – Балалардың жасаған қолөнер жұмыстарын көрмелер мен байқауларда бағалау; – Шеберлер мен мұғалімдердің балалардың жұмыстарын сапа мен креативтілік тұрғысынан бағалауы. – Қатысушылардың кері байланысы: жобаға қатысқан балалар мен олардың ата-аналарының пікірлері мен ұсыныстарын жинау; – Қатысу статистикасы: жобаға қатысқан балалардың саны мен олардың сабақтарға қатысу жиілігін есептеу; жоба барысында өткізілген шеберлік сабақтары, көрмелер мен байқаулар саны. – Фотосуреттер мен бейнематериалдар: балалардың шеберлік сабақтары мен көрмелердегі жұмыстарын фото және бейнематериалдар арқылы құжаттау, жоба барысындағы процестер мен нәтижелерді визуалды түрде көрсету.	
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады	Серіктес – «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ; – Қазақстан халқы ассамблеясы; – Атырау облыстық білім беру басқармасы; – Атырау қалалық білім беру бөлімі; – Суретшілер мен қолөнершілер қауымдастығы	Қолдау түрі – Шеберлері қатысады, бата беріледі; – Ақпараттық қолдау; – Ақпараттық қолдау; – Ақпараттық қолдау; – Шеберлік сыныптарын өткізу
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады	1. Instagram, Tik-Tok және Facebook әлеуметтік желілерінде жобаның басталуы, ағымдағы қызметі және аяқталуы туралы ақпараттық науқан: – Қордың парақшасында – әрбір өткізіліп жатқан іс-шараны, апта сайын кемінде 10 сториз және кемінде 1 постты жариялау; кемінде 1000 адамды қамту; – Барлық қызметкерлердің парақшаларында – әрбір өткізілген іс-шараны қамту, ай сайын кемінде 5 сториз және 1 посттан кем емес; кемінде 5000 адамды қамту; – Ірі аймақтық қоғамдық парақшаларда ақпарат – жоба барысында 2 рет; кемінде 10 000 адамды қамту; 2. Облыстық телеарналардағы сюжет – 2 рет, кемінде 20 000 адамды қамту; 3. Облыстық газеттердегі мақалалар – 2 рет (жобаның басында және соңында), кемінде 10 000 адамды қамту; 4. Мектептерде афишалар ілу 5. Блогерларды тарту 6. Қатысушылар арасында ең көп сториз шығаруға конкурс жариялау; 7. Ең жақсы 30 жұмыстар туралы және олардың авторлары туралы рилстар түсіру, жариялау. 8. Республикалық байқауларға қатысатын жұмыстарға ақпараттық сүйемелдеу жасау.	
4. Күнтізбелік жоспар		

№ Р\с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Халықты осы жоба туралы ақпараттандыру	Жобаны көрсету және жобаға қатысушыларды тарту үшін ақпараттық науқанды өткізу. Instagram, Tik-Tok және Facebook әлеуметтік желілерінде жобаның басталуы туралы ақпарат жариялау	Қыркүйек айының басы	Қыркүйек айының басы	– Жобаға қатысушыларды тарту; – Оқушыларды ынталандыру.
2	Жобаға дайындық, ұйымдастыру мәселелерін шешу	Дайындық шаралары: жобаны іске қосу, ресми құжаттарға қол қою, ғимарат таңдау, қажетті тауарлар мен шикізат сатып алу, жоба атрибуттары бар өнімдерді өндіру. Қажетті құжаттардың шаблондарын әзірлеу.	Қыркүйек айының басы	Қыркүйек айының басы	– Жобаның материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету; – Мемлекеттік органдармен келісім жасау; – Оқушылардың жобадан күтетін негізгі үміттерін анықтау;
3	Қатысушылар тізімін анықтау	Қатысушыларды іріктеу, шеберлік сынып кестелерін дайындау және бекіту.	Қыркүйек айының басы	Қыркүйек айының басы	– Кемінде 100 қатысушыны тіркеу
4	Жобаны жүзеге асыру	Ашылу салтанатын өткізу. Қонақтарды, қатысушыларды, БАҚ өкілдерін шақыру, жобамен таныстыру.	14 қыркүйек 2024	14 қыркүйек 2024	– 100 адамды қарсылау – Шеберлермен және суретшілермен таныстыру, олардың жетістіктерін жариялау – Жобаның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру
5	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Киімге сурет салу (футболка, бейсболка, сыртқы киімдер); – Жүннен бұйым жасау (тақиялар, гүлдер, көрпеше);	14 қыркүйек 2024	14 қыркүйек 2024	– 100-120 баланы қатыстыру; – Балалар жаңа сурет салу және колөнер дағдыларын меңгереді. – Өз жұмыстарында жаңа идеялар мен әдістерді қолданады. – Балалардың сурет салу мен ұлттық колөнер түрлері мен тарихы туралы білімдері артады. – Балалардың бір-бірімен және колөнер шеберлерімен тығыз қарым-қатынас орнатады. – Балалардың өзара ынтымақтастық пен командада жұмыс істеу қабілеттері дамиды.
6	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Әшекей бұйымдарын жасау (өңіржиек, шашбау, белбеу, шекелік, сырға, білезік); – Ою-өрнек ойып үйрету	28 қыркүйек 2024	28 қыркүйек 2024	
7	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Киімге сурет салу (футболка, бейсболка, сыртқы киімдер); – Жүннен бұйым жасау (тақиялар, гүлдер, көрпеше);	12 қазан 2024	12 қазан 2024	
8	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Әшекей бұйымдарын жасау (өңіржиек, шашбау, белбеу, шекелік, сырға, білезік); – Ою-өрнек ойып үйрету	26 қазан 2024	26 қазан 2024	
9	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Киімге сурет салу (футболка, бейсболка, сыртқы киімдер);	9 қараша 2024	9 қараша 2024	

	Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	– Жүннен бұйым жасау (тақиялар, гүлдер, көрпеше);			
10	Шеберлік сабақтарын ұйымдастыру; Балаларға жаңа дағдыларды үйрету.	3 шеберлік сынып ұйымдастыру: – Майлы бояумен сурет салу; – Әшекей бұйымдарын жасау (өңіржиек, шашбау, белбеу, шекелік, сырға, білезік); – Ою-өрнек ойып үйрету	23 қараша 2024	23 қараша 2024	
11	Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрсету үшін көрмелер өткізу	Облыстық Ш.Сариев атындағы өнер музейінде қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастыру. Көрмеге кемінде 30 жұмыс қатысады. . Көрме туралы ақпарат Атырау қалалық білім беру бөлімі, Атырау облыстық білім беру басқармасы, Қазақстан халқы Ассамблеясына жіберіліп, олар көрмеге қатысуға шақырылады.	30 қараша 2024	30 қараша 2024	– Балалардың көшбасшылық және шығармашылық дағдылары қалыптасады – Өз жұмыстарын көрсетіп, оң пікірлер алу арқылы өзін-өзі бағалауының артады, өз жетістіктеріне деген мақтаныш сезімі қалыптасады. – Облыстық және республикалық деңгейге шығып, болашаққа кәсіптік бағдарын анықтай алады, мамандық таңдауына әсерін тигізеді.
12	Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрсету үшін байқаулар өткізу	Қараша-желтоқсан айларында 5 жұмыс «Шексіз шығармашылық», «Қазақстан – менің алтын бесігім» секілді Республикалық байқауларға жіберіледі	Қараша	Қараша	
13	Жобаның аяқталуы	Жобаның жабылу салтанаты, қатысушыларды марапаттау.	30 қараша 2024	30 қараша 2024	– Бірнеше жүлделі орындарды алу көзделеді. – Қатысушыларды ынталандыру және мадақтау; – Жұртшылықты жобаның нәтижелерімен таныстыру.
14	Жоба туралы ақпаратты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және басқа да ақпарат құралдарында жариялау арқылы қоғамды хабардар ету;	1. Жоба туралы ақпараттандыру – әлеуметтік желілерде пост шығару (Инстаграм, Фейсбук, Тик-ток); WhatsApp топтарында жариялау; 2. Мектептерде афишалар ілу; 3. Блогерларды тарту (2-3 блогер) 4. Ашылу салтанатына облыстық телеарна операторларын шақырып, сюжет түсіру; 5. Шеберлік сыныптарды түсіру және әлеуметтік желілірге сториз шығару және бөлісу; 6. Қатысушылар арасында ең көп сториз шығаруға конкурс жариялау; 7. Ең жақсы 30 жұмыстар туралы және олардың авторлары туралы рилстар түсіру, жариялау. 8. Көрмені түсіру және әлеуметтік желілерге жариялау, облыстық теледидарға шығару; 9. Республикалық байқауларға қатысатын жұмыстарға ақпараттық сүйемелдеу жасау.	қыркүйек	қараша	– Облыс тұрғындарына хабарлау, қатысушылар санын арттыру.
15	Бақылау, мониторинг, талдау	Өткізілетін шараларды бақылау, тексеру. ЦПГИ-ға қорытынды есеп беру	қараша	қараша	– Жобаның үздік қатысушыларын анықтау; – Жобаға қатысушылардың ілгерілеу дәрежесін анықтау. – Жобаның іске асырылуын және жетістіктерін растау;

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы								
№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
1	Әкімшілік шығындар: Қор қызметкерлерінің жалақысы							
1.1	Жоба жетекшісінің еңбекақысы	ай	3	150 000	450 000		450 000	Жобаны жалпы басқаруды жүзеге асыру, оператормен, тапсырыс берушімен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен, баспасөзбен байланыс орнату, кеңес беру, жобаның жүзеге асырылуын бақылау.
1.2	Жоба үйлестірушісінің еңбекақысы	ай	3	120 000	360 000		360 000	Жобаның іс-шараларын ұйымдастыру, қатысушылармен қарым-қатынас жасау, есептерді дайындау.
.3	SMM-менеджердің еңбекақысы	ай	3	100 000	300 000		300 000	Бейнелерді, фотосуреттерді түсіру, посттарды, сториз, рилстарды дайындау / Ұйымдастыру және әкімшілік мәселелер бойынша жоба менеджері мен үйлестірушіге көмек көрсету
1.4	Есепшінің еңбекақысы	ай	3	30 000	90 000		90 000	Бухгалтерлік есептерді жүргізу, есептерді дайындау.
1.5	Әлеуметтік аударымдар	ай	3	15 703	47 109		47 109	Заңнамалық талап
1.6	Әлеуметтік салық	ай	3	25 974	77 922		77 922	Заңнамалық талап
1.7	ООСМС	ай	3	14 956	44 868		44 868	Заңнамалық талап
1.8	Банк қызметтері	ай	3	3367	10 101		10 101	
2	Материалдық-техникалық жабдықтау							
4.6	Ноутбук сатып алу	бірлік	1	320 000	320 000		320 000	Қордың институционалдық дамуы маөсатында
3	Тікелей шығындар							
3.1	Жобаны таныстыру және жобаға қатысушыларды тарту үшін ақпараттық науқанды өткізу							
3.1.1	Облыстық пабликтерде ақпаратты жариялау	рет	2	5000	10000	10000		Халықты ақпараттандыру, қызығушылық туғызу
3.1.2	Блогерлерді тарту	рет	2	50000	100000	100000		Халықты ақпараттандыру, қызығушылық туғызу

3.2	Дайындау шаралары							
3.2.1	Шикізат пен материалдар сатып алу	әртүрлі	18	30 000	540 000		540 000	Шеберлік сыныптарда пайдалану үшін
3.2.2	Ғимаратты жалға алу	рет	2	50 000	100 000		100 000	Шеберлік сыныптарды өткізу үшін
3.2.3	Баннер 3*5 м дайындау	бірлік	1	40 000	40 000		40 000	Жарнама жасау үшін
3.2.4	Сыйлықтар сатып алу	бірлік	5	20 000	100 000	50 000	50 000	Ең жақсы жұмыстарды дайындаған оқушыларды марапаттау
3.3	Шеберлік сыныптар, көрме, сайыстар							
3.3.1	Суретшілер мен шеберлердің еңбекақысы	Шеберлік сынып	18	50 000	900 000		900 000	Еңбекақы
3.3.2	Кофе-брейк ұйымдастыру	рет	2	30 000	60 000		60 000	Шеберлік сыныптар 3-4 сағат бойы өтеді, сондықтан кофе-брейк жасау қажет
3.3.3	Мақтау қағаздары мен алғыс хаттар (сертификаттар) дайындау	бірлік	100	340	34 000		34 000	Ең жақсы жұмыстарды дайындаған оқушыларды марапаттау
	Жиынында:				3 684 000	160 000	3 424 000	
* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.								
6. Өтінімді растау								
Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:								

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

– жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;

– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;

– ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытка сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;

– ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

– ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);

– ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;

– ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Директор: Мендубаев Еубағдат Әзілбекұлы 2014 ж. "23" шілде Миниф
(ұйым басшысының лауазымы) (колы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

